ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ИНДУСТРИИ И
ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

26 марта 2019 г
Астана қаласы

№ 152
город Астана

**О некоторых вопросах акционерного общества «Национальный управляющий холдинг «Байтерек»**

В соответствии с пунктом 3 статьи 65 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах», **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Внести в приказ Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 23 декабря 2014 года № 279 «Об утверждении Устава акционерного общества «Национальный управляющий холдинг «Байтерек» следующие изменения и дополнения:

в Устав акционерного общества «Национальный управляющий холдинг «Байтерек», утвержденный указанным приказом, внести изменения и дополнения, согласно приложению к настоящему приказу.

2. Утвердить изменения, вносимые в Устав акционерного общества «Национальный управляющий холдинг «Байтерек», согласно приложению к настоящему приказу.

3. Акционерному обществу «Национальный управляющий холдинг «Байтерек» принять меры, вытекающие из настоящего приказа.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего вице-министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан.

5. Настоящий приказ является решением единственного акционера акционерного общества «Национальный управляющий холдинг «Байтерек».

6. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания и подлежит рассылке.

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

**Министр** **Р. Скляр**

0000278

Приложение к приказу Министра
индустрии и инфраструктурного
развития Республики Казахстан
Республики Казахстан
от 26 марта 2019 года № 152

**Изменения и дополнение, вносимые в Устав акционерного общества «Национальный управляющий холдинг «Байтерек»**

1. Пункт 32 статьи 5 «Акции и другие ценные бумаги Холдинга» изложить в следующей редакции:

«32. Ведение системы реестров держателей акций Холдинга может осуществлять только центральный депозитарий.».

2. В статье 6 «Дивиденды»:

пункт 35 исключить;

пункт 39 дополнить подпунктом 3) следующего содержания:

«3) в случаях, предусмотренных Законом Республики Казахстан от 2 июля 2003 года «О рынке ценных бумаг.»;

пункт 40 изложить в следующей редакции:

«40. Единственный акционер вправе в пределах своих полномочий, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом, принять решение о невыплате дивидендов по простым акциям по итогам года.».

3. В пункте 49 статьи 8 «Единственный акционер»:

подпункт 17) изложить в следующей редакции:

«17) определение порядка предоставления Единственному акционеру информации о деятельности Холдинга, если такой порядок не определен настоящим Уставом;»;

подпункт 17-1) изложить в следующей редакции:

«17-1) принятие решения о заключении Холдингом крупной сделки, в результате которой (которых) Холдингом приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов Холдинга на дату принятия решения о сделке, в результате которой (которых) приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов Холдинга либо заключении Холдингом крупной сделки, в совершении которой имеется заинтересованность;».

4. Подпункт 4) пункта 51 статьи 9 «Права и обязанности Единственного акционера» изложить в следующей редакции:

«4) получать выписки от центрального депозитария или номинального держателя, подтверждающие его право собственности на ценные бумаги;».

5. В статье 10 «Совет директоров»:

подпункт 5) пункта 56 изложить в следующей редакции:

«5) принятие решения о размещении (реализации), в том числе о количестве размещаемых (реализуемых) акций, в пределах количества объявленных акций, способе и цене их размещения (реализации), за исключением случаев, предусмотренных частями второй и третьей пункта 1 статьи 18 Закона;»;

подпункт 23) пункта 56 изложить в следующей редакции:

«23) принятие решения о заключении крупных сделок и сделок, в совершении которых Холдингом имеется заинтересованность, за исключением крупных сделок, решение о заключении которых принимается общим собранием акционеров Холдинга в соответствии с подпунктом 17-1) пункта 1 статьи 36 и пунктом 3-1 статьи 73 Закона;»;

абзац третий пункта 62 изложить в следующей редакции:

«Досрочное прекращение полномочий члена Совета директоров по его инициативе осуществляется на основании письменного уведомления Совета директоров. Полномочия такого члена Совета директоров прекращаются с момента получения указанного уведомления Советом директоров, если в уведомлении не указана дата досрочного прекращения полномочий члена совета директоров.».

6. Пункт 98 статьи 14 «Учет, отчетность, аудит и планирование бюджетных кредитов и инвестиций» изложить в следующей редакции:

«98. Холдинг обязан ежегодно публиковать на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности консолидированную годовую финансовую отчетность и аудиторский отчет в порядке и сроки, установленные уполномоченным органом.

Информация о крупной сделке и (или) сделке, в совершении которой имеется заинтересованность, раскрывается в пояснительной записке к годовой финансовой отчетности в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности, а также доводится до сведения Единственного акционера и инвесторов в соответствии с требованиями, установленными Законом и Законом Республики Казахстан от 2 июля 2003 года «О рынке ценных бумаг». Информация о сделке, в результате которой приобретается либо отчуждается имущество на сумму десять и более процентов от размера активов Холдинга, должен включать сведения о сторонах сделки, сроках и условиях сделки, характере и объеме долей участия вовлеченных лиц, а также иные сведения о сделке.».

7. В статье 15 «Раскрытие информации Холдингом. Документы Холдинга»:

пункт 103 изложить в следующей редакции:

«103. Холдинг обязан осуществлять раскрытие на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности и интернет-ресурсе фондовой биржи информации в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «О

рынке ценных бумаг» и нормативным правовым актом уполномоченного органа.»;

пункт 104 исключить.

8. Абзац первый пункта 108 статьи 16 «Порядок представления Единственному акционеру и должностными лицами Холдинга информации об их аффилиированных лицах» изложить в следующей редакции:

«108. Холдинг обязан вести учет своих аффилиированных лиц на основании сведений, предоставляемых этими лицами или центральным депозитарием (только в отношении Единственного акционера в порядке, установленном уполномоченным органом).».

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ИНДУСТРИИ И
ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2019ж. 26 наурыз
Астана қаласы

№ 152
город Астана

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы**

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабы 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 279 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысына осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

3. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

6. Осы бұйрық оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және таратылуға жатады.

КӨШІРМЕ ДҰРЫС

**Министр** **Р. Скляр**

0000279

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 26 наурыздағы
№ 152 бұйрығына қосымша

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. «Холдингтің акциялары және басқа бағалы қағаздары» деген 5-баптың 32-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Холдинг акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді орталық депозитарий ғана жүзеге асырыла алады.».

2. «Дивидендтер» деген 6-бапта:

35-тармақ алып тасталсын;

39-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.»;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өз өкілеттіктері шегінде жылдың қорытындылары бойынша жай акцияларға дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.».

3. «Жалғыз акционер» деген 8-баптың 49-тармағында:

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17) Жалғыз акционерге, егер мұндай тәртіп осы Жарғыда айқындалмаса, Холдинг қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;»;

17-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17-1) нәтижесінде Холдинг активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күніне құны Холдингтің активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Холдингтің сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Холдингтің жасасуы немесе жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілені Холдингтің жасасуы туралы шешім қабылдауы;».

4. «Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері» деген 9-баптың 51-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;».

5. «Директорлар кеңесі» деген 10-бапта:

56-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;»;

56-тармақтың 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«23) жасасу туралы шешім Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес Холдингтің акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға Холдинг мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;»;

62-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.».

6. «Есеп, есептілік, аудит және бюджеттік кредиттер мен инвестицияларды жоспарлау» деген 14-баптың 98-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«98. Холдинг уәкілетті орган белгілеген тәртіпте және мерзімде шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жыл сайын жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржы есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке қоса берілетін түсіндірме жазбада жария етіледі, сондай-ақ Заңда және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес Жалғыз акционер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Холдинг активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімі мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемдері туралы, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.».

7. «Холдингтің ақпаратты жария етуі. Холдингтің құжаттары» деген 15-бапта:

103-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«103. Холдинг «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпте ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында жария етуге міндетті.»;

104-тармақ алып тасталсын.

8. «Жалғыз акционерге және Холдингтің лауазымды тұлғалары олардың аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты беру тәртібі» деген 16-баптың 108-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«108. Холдинг өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе орталық депозитарий беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіпте Жалғыз акционерге қатысты ғана) жүргізуге міндетті.».